«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

12.03.2018г. № ІІМАД-6-14/700

«Мega-Бен Строй» ЖШС-і
директоры
Ж.Е. Жиембайұлына

ОҚО, Шымкент қ.,
Еңбекші ауданы, 18, 18, 4

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен *(ары қарай – Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 4375 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 2154774-1 «Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық ауылдық мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу» мемлекеттік сатып алуларының № 15743646-ОК1 лоты бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер толығымен расталмады.

Камералдық бақылау барысында келесідегі анықталды:

1. Қазақстан Республикасы қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының *(ары қарай – Қағидалар)* 28 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, бірыңғай мемлекеттік сатып алуды өткізу мақсатында облыстың әкімдігі тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындайды.

«Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 75 Қаулысының 16 тармағының 8) тармақшасының сәйкес, «Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(ары қарай – Басқарма)* тапсырыс беруші немесе бірыңғай конкурс өткізуші болып табылған жағдайда, Республикалық және облыстық бюджеттер есебінен қаржыландырылатын объектілерді жобалау мен салуға, жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес конкурстарды ұйымдастыру және өткізу Басқарманың функциясы болып табылады.

Қағидалардың 66 тармағына сәйкес, осы Қағидалардың 28-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, айқындалатын бірыңғай ұйымдастырушы конкурс жүргізген кезде конкурстық комиссияның төрағасы болып тиісті облыстың әкімі айқындалуы тиіс.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, аталған конкурстың комиссиясының төрағасы болып Жамбыл облысының әкімі Көкрекбаев Кәрім Нәсбекұлы тағайындалған.

Жамбыл облысының әкімі Көкрекбаев К.Н. 2017 жылдың қаңтарының 19 жұлдызында сағат 13:15-те қай жерде болғаны туралы ақпаратты анықтау Департаменттің құзыретіне кірмейтіндігін хабарлаймыз.

2. Қағадалардың 61 тармағына сәйкес, бірыңғай ұйымдастырушы құрған конкурстық комиссияны қайта бекіткен жағдайда тапсырыс беруші бірінші басшысының не Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігі әкімінің міндеттерін атқаратын лауазымды тұлға конкурстық комиссияның төрағасы болып анықталады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Басқарма басшысының м.а. Р.Аққозиевтің 2018 жылдың 1 ақпанындағы № 86-ГЗ конкурстық комиссия құрамына өзгеріс енгізу бұйрығының туралы 2 тармағында Жамбыл облысының әкімі К.Көкрекпаевтың орнына Жамбыл облысы әкімінің міндетін атқарушы Орынбеков Бекболат Серикбекович конкурстық комиссияның төрағасы болуы туралы айтылған.

Жамбыл облысының әкімінің міндетін атқарушы Орынбеков Б.С. 2018 жылдың ақпанның 5 жұлдызында сағат 13:15-те қай жерде болғаны туралы ақпаратты анықтау Департаменттің құзыретіне кірмейтіндігін хабарлаймыз.

3. Камералдық бақылау жүргізу барысында келесідегі анықталған:

- Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (*ары қарай – Заң*) 10 бабына және Қағидалардың 150 тармағына қайшы, конкурстық комиссия мүшелерімен «Талас-Құрылыс» ЖШС-нің және «АстанаСервисСтрой-А» ЖШС-нің конкурстық өтініміндері біліктілік талаптарға сай келмеуіне байланысты конкурсқа қатысудан негіссіз шеттетілген.
- Қағидалардың 155 тармағына қайшы, конкурстық комиссия мүшелерімен «Тараз құрылыс Дизайн» ЖШС-нің конкурстық баға ұсынымына әсер ететін критерийлердің салыстырмалы мәні дұрыс қолданылмаған, өйткені «Тараз құрылыс Дизайн» ЖШС-нің біліктілігі жайлы мәліметтерінде көрсетілген жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратты растайтын құжаттары конкурстық өтінімге дерлік салынбаған.

Сіздің конкурстық өтініміңізді тексеру барысында келесідегі анықталды.

Заңның 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

Айтылған конкурста біліктілік туралы талаптары техникалық ерекшілікте көрсетілген.

Алайда, Сіздің біліктілік жайлы мәліметтеріңізде (*Конкурстық құжаттамаға 5-қосымша*) материалдық ресурстан тек «Автокран QY 25k. 25т», ал еңбек ресурстарынан тек директор қарастырылған. Бірақ конкурстық өтініміңізде материалдық не еңбек ресурстарын растайтын **ешқандай** құжаттар салынбаған.

Соған байланысты, Заңның 10 бабына және Қағидалардың 150 бабына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық комиссиямен конкурсқа қатысудан заңды түрде шеттетілген.

Сонымен қатар, Қағидалардың 150 бабына қайшы, конкурстық комиссиямен Сіздің конкурстық өтініміңіз техникалық ерекшілік салынбаған деген себеппен конкурсқа қатысудан заңсыз шеттетілген, өйткені Сіздің конкурстық өтінімізде техникалық ерекшілік салынған.

Қағидалардың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының Ескертпелерінің 4 тармағына сәйкес, конкурс мәні құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Қағидалардың 155 тармағына сәйкес, жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Растаушы құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) көрсеткен қызметінің көлемі Қағидалардың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасының 2 тармағында қарастырылады.

Алайда, Сіздің конкурстық өтініміңізде орындалған жұмыстардың актілерінің электрондық көшірмелерінің ішіндегілердің арасынан тек 2017 жылдың 24 қазанындағы № 1 орындалған жұмыстардың актісі ғана Сіздің біліктілік жайлы мәліметтеріңізде (Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасы) қарастырылған.

Жоғарыдағы баяндалғанның негізінде, Қағидалардың 155 тармағына қайшы конкурстық комиссия мүшелері Сіздің конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибеңіз болған үшін конкурстық баға ұсынымына әсер ететін критерийлердің салыстырмалы мәнін дұрыс қолданбаған.

4. Қағидалардың 66 тармағына сәйкес, осы Қағидалардың 28-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, айқындалатын бірыңғай ұйымдастырушы конкурс жүргізген кезде конкурстық комиссияның төрағасы болып тиісті облыстың әкімі айқындалуы тиіс.

Қағадаларының 61 тармағына сәйкес, бірыңғай ұйымдастырушы құрған конкурстық комиссияны қайта бекіткен жағдайда тапсырыс беруші бірінші басшысының не Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігі әкімінің міндеттерін атқаратын лауазымды тұлға конкурстық комиссияның төрағасы болып анықталады.

Жоғарыда айтылғанға байланысты, Басқарма басшысының м.а. Р.Аққозиевтің 2018 жылдың 1 ақпанындағы № 86-ГЗ конкурстық комиссия құрамына өзгеріс енгізу туралы бұйрығының 2 тармағында Жамбыл облысының әкімі К.Көкрекпаевтың орнына Жамбыл облысы әкімінің міндетін атқарушы Орынбеков Бекболат Серикбекович айқындалған. Конкурстық комиссия құрамына өзгеріс енгізу бірыңғай ұйымдастырушының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу Веб-порталына сәйкес аталған конкурс 2017 жылдың желтоқсан айының 26 жұлдызында жарияланған.

2017 жылдың желтоқсан айының 26 жұлдызында Жамбыл облысының әкімі Көкрекпаев К.Н. болған, ал Мырзахметов А.И. тек 2018 жылдың 10 қаңтарында Жамбыл облысының әкімі болып тағайындалған.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясының 33 бабының 1 тармағына сәйкес, Сіздің тікелей және өз өкілдеріңіз арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығыңыз бар.

7. Камералдық бақылау жүргізу Қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығының *(ары қарай - Камералдық бақылауды жүргізу Қағидалары)* 5 тармағына сәйкес, камералдық бақылау жүргізудің мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, мемлекеттік аудит объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады.

8. Камералдық бақылау жүргізу Қағидаларының 11 тармағына сәйкес, ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

орынд. Бөкейханов Ә.
тел. 43-54-60